# "Халықаралық техникалық байқау сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 269 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 89 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 сәуірде N 3217 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы N 309 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 20.08.2015 N 309 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Халықаралық техникалық байқау сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 269 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2927 болып тіркелді, 2014 жылғы 2 қазанда "Солтүстік Қазақстан" газетінде жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Халықаралық техникалық байқау сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде қазақ тіліндегі мәтінде:

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) көрсетілетін қызметті беруші басшысының мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің жобасына қол қоюы (4 (төрт) сағат ішінде).";

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін не сұратуды екі сағат ішінде қарайды, бұрыштама қойып, оларды көрсетілетін қызметті беруші бөлімінің қызметкеріне жолдайды (4 (төрт) сағат ішінде);";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатының мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші портал немесе уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысандағы мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеу ақпараттық жүйесі арқылы тиісті

мемлекеттік жүйелерден алады.";

14-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Құжаттарды қабылдау кезінде ХҚО қызметкері түпнұсқалардың дұрыстығын көшірмелермен салыстырады, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.";

14-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін екі сағат ішінде қарайды, бұрыштама қойып, оларды көрсетілетін қызметті беруші бөлімінің қызметкеріне жолдайды (4 (төрт) сағат ішінде);";

19-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) көрсетілетін қызмет берушінің көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту түрінде ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысандағы мемлекеттік қызмет көрсету нәтіжесін жолдауы (1 (бір) минут ішінде);";

19-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының сұратуын екі сағат ішінде қарайды, бұрыштама қойып, оларды көрсетілетін қызметті беруші бөлімінің қызметкеріне жолдайды (4 (төрт) сағат ішінде);";

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

орыс тіліндегі мәтін өзгеріссіз қалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі* *Е. Сұлтанов*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2015 жылғы 16 наурыздағы № 89
қаулысына қосымша
"Халықаралық техникалық байқау сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарының тізбесі

| Р/с № | ХҚО атауы | Заңды мекенжайы | Байланыс телефоны | Жұмыс кестесі |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| 1 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның филиалы | Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Әуезов көшесі, 157 | 8 (7152) 33-31-03 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 2 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның филиалының №2 бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 72 | 8 (7152) 33-06-52 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 3 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Айыртау ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл ауылы, Дәулетбай Сыздықов көшесі, 4 | 8 (71533) 2-01-84 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 4 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Ақжар ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Талшық ауылы, Победа көшесі, 67 | 8 (71546) 2-21-08 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 5 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Аққайың ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Смирнов ауылы, Труд көшесі, 11 | 8 (71532) 2-25-86 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 6 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Есіл ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан Есіл ауданы облысы Явленка ауылы, Ленин көшесі, 6 | 8 (71543) 2-20-03 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 7 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Жамбыл ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресновка ауылы, Горький қиылысы, 10 "Г" | 8 (71544) 2-29-16 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 8 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Ғ. Мүсірепов атындағы аудан бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан Новоишимское ауылы, Ленин көшесі, 7 | 8 (71535) 2-22-19 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| | | Солтүстік Қазақстан | | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" РМК Қызылжар ауданы бойынша бөлімі | облысы Қызылжар ауданы Бескөл ауылы, Институт көшесі, 1 "А" | 8 (71538) 2-17-46 | сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 10 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның М.Жұмабаев ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы Юбилейная көшесі, 62 | 8 (71531) 2-03-76 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 11 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Мамлют ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлют қаласы, С.Мұқанов көшесі, 11 | 8 (71541) 2-27-48 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 12 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Тайынша ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы, Конституциясы көшесі, 208 | 8 (71536) 2-36-03 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Тимирязев ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Тимирязево ауылы Уәлиханов көшесі, 17 | 8 (71537) 2-03-02 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 14 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Уәлиханов ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылы Уәлиханов көшесі, 80 | 8 (71542) 2-28-11 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |
| 15 | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Шал ақын ауданы бойынша бөлімі | Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы Желтоқсан көшесі, 31 | 8 (71534) 2-73-90 | Демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын дүйсенбі - сенбі аралығында, түскі үзіліссіз сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК